

**«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы»
ММ-нің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің
Еңбекшіқазақ филиалы**

Филиал туралы мәлімет

«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Еңбекшіқазақ филиалының тарихы:

1. Еңбекшіқазақ филиалы 1980 жылдың 15 шілдесінде Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің жанындағы архив басқармасының №50 бұйрығымен Еңбекшіқазақ аудандық шаруашылық есептегі жеке құрам бойынша архив болып Есік қаласында ашылды.

Шелек аудандық шаруашылық есептегі жеке құрам бойынша архив 06.02.1991 жылы Шелек аудандық депутаттар кеңесінің атқару комитетінің №1-33 шешімімен Шелек селосында ашылды.

Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен 23.05.1997 жылдан Шелек ауданы қысқартылып, Еңбекшіқазақ ауданының құрамына енді, 01.09.1997 жылдан Шелек регионында Еңбекшіқазақ архивінің филиалы ашылды.

Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» 22.12.1998 жылғы Заңының негізінде шаруашылық есептегі жеке құрам бойынша архив пен оның филиалы 1999 жылдан бастап Алматы облыстық мемлекеттік архивтің қарамағына өтіп, Еңбекшіқазақ филиалы болды.

«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 28.05.2018 жылғы № Б-47 бұйрығының негізінде «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Еңбекшіқазақ филиалының атауы «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Еңбекшіқазақ филиалы болып өзгертілген.

2. Филиалдың штат саны – 11.

3. Мемлекеттік архивтің қызметінің мәні заңмен белгіленген тәртіпте ұлттық құндылық ретінде танылған, Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан және архивтің жинақтау көздеріне жататын мекемелердің, ұйымдардың, барлық меншік түрлеріндегі кәсіпорындардың іс-әрекетінде қалыптасқан айырықша тарихи, ғылыми, әлеуметтік және мәдени маңызы бар құжаттармен толықтыру, оны сақтау мен пайдалану болып табылады.

Филиал мақсатқа қол жеткізу үшін мынандай қызмет түрлерін жүзеге асырады: Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры құжаттарын және

басқа архивтік құжаттарды белгіленген тәртіпте сақтауға алуға іріктеу және қабылдау; архивтік құжаттарды жинақтау; филиалда сақтауда жатқан құжаттардың мемлекеттік есебін жүргізу; сақтауға алынған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету; сақтауда жатқан құжаттардың іс жүзінде пайдалануын ұйымдастыру; жеке және заңды тұлғалардан түскен әлеуметтік-құқықтық, тақырыптық сұраныстарды орындау; белгіленген тәртіпте «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметін көрсету; құжаттарды сақтаудың оңтайлы жағдайын жасау және олардың физикалық сақталуын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүргізу; Филиалдың жинақтау көздері - мекемелердің іс жүргізушілік, архивтік және сараптамалық қызметіне әдістемелік көмек көрсету; архив құжаттарындағы ақпаратты анықтау және құжаттарды басып шығару, көрме ұйымдастыру, теледидар мүмкіндіктері арқылы архив құжаттарындағы ақпараттарды пайдалану.

4. Қор және құжаттар саны:

2024 жылдың 01 қаңтарындағы мәліметке сәйкес филиалда – 295 қор, 121705 сақтау бірлігі бар.

5. Филалға өткен құжаттардың ішінде Еңбекшіқазақ ауданының ауылдық атқару кеңесінің, аудан әкімі аппаратының, селолық, ауылдық округтер әкімі аппараттарының, жұмыспен қамту орталығының, колхоз, совхоздардың, аудандық аурухананың және т.б. мекемелердің құжаттары бар.

Филиалда белгілі ұста, зергер, ақын, Қазақстан сүретшілер және дизайнерлер Одағының мүшесі, Қазақстан Лениндік комсомолы премиясының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әлем елдерінің қолданбалы өнер шеберлері фестивалі мен Жастар мен студентерге арналған XII халықаралық фестивалінің дипломанты, Еңбекшіқазақ ауданының құрметті тұрғыны, танымал туындыгері Даркембай Шоқпарұлының, Қаз ССР оқу ағарту ісінің үздігі, туризм және өлкетанудың академигі, Еңбекшіқазақ ауданының құрметті азаматы Тоқтасын Мұсабайұлы Тұяқовтың құжаттары сақталынуда.

6. Жинақтау көздерінің саны – 43

7. Филиал ғимараты 1980 жылы салынған.

Филиалдың мекен жайы:

Хусаин Бижанов атындағы көше, 100 үй

Шелек ауылы,

Еңбекшіқазақ ауданы,

Алматы облысы,

Индекс: 040462

Телефон: 8 (72776) 2-40-82

E-mail: issykarhiv@mail.ru

Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау уақыты:

Күнделікті: дүйсенбі – жұма күндері

Сағат 08:00-ден 17:30- ға дейін

Түскі үзіліс: 12:30- дан 14:00-ге дейін

Демалыс күндері: сенбі - жексенбі